


Қазақ әдебиеті
6-сынып

Сайын Мұратбеков
Жусан иісі
(Повестен үзінді)



1-тапсырма.
**Шығарманың композициялық құрылысын
рет-ретімен орналастырыңыз.**

Оқиғаның басталуы-
Оқиғаның байланысы-
Оқиғаның шиеленісуі-
Оқиғаның шарықтау шегі-
Оқиғаның шешімі-

Аянның балалар үйіне кетуі

Аянның тобығын тайдыруы

Әжесінің қайтыс болуы

Ауыл балаларымен достасуы

Аянның көшіп келуі

2-тапсырма.
Сұраққа жауап беріңіз

1.Әңгіме неліктен «Жусан иісі» деп аталған?

2.Жусан қандай шөп?

3-тапсырма.

**Аянның портреті мен мінездемесін ажыратып,
сәйкестендіріңіз!**

_____ Аян – шолақ жең, ақ жейде, тізеден жоғары
қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар,
мұнтаздай таза бірі бала.

_____ Аян - өте ақкөңіл, ақылды бала екен. Адамды іш тартып тұратын
жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінез бізді үйіріп әкетті. Ең
жақсы қасиеті ешкіммен төбелесіп, сөзге келмейтіндігі.

Портрет –

Мінездеме -

4-тапсырмы.

Аяның тағдыры.

Аян ата-анасынан жетім қалды. Оның өмірінде қуанышты сәттер көп болмады. Көргені қорлық, жетімдіктің, соғыстың зардабы. Сөйте тұра, оқуға құштар, хат жазуға қабілетті болды. Өзге балаларға хат жазу арман болғанда, Аян болса кәдімгідей “Аса жаннан артық көретін аға...” деп бастап хат жазатын

Аяның хат жазуы

	ИӘ	ЖОҚ
Аян хат жазуға құштар болатын.		
Өзге балалар да Аян секілді хат жаза алатын.		
Хат жазу балалардың асыл арманы еді.		
Аян хат жазуды Иманжанов ағайдан үйренді		
Аян жазған хатын балаларға бермейтін		

5-тапсырмы.

Тест тапсырмасының дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

1. Жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін шілбиген арық, ақсақ қара бала кім?
А. Аян.
Ә. Иманжанов.
Б. Садық.
2. Аян мен әжесі ауылға қай жылы көшіп келген?
А. 1923ж.
Ә. 1935ж.
Б. 1942ж.
3. Аяның әжесі қайтыс болғанда қандай мезгіл болды?
А. Жаз.
Ә. Қыс.
Б. Күз.
4. Аяның ертегілері не себептен жетім бала туралы болды?
А. Өзі жетім болған соң.
Ә. Ойы сондай.
Б. Қызықты болу үшін.



5. Әжесі қайтқаннан кейін Аян кімнің үйіне көшті?

А.Иманжановтың.

Ә.Бапайдың.

Б.Достарының.

6. Аян қайда тұрады?

А.Жусантөбе.

Ә.Ешкіөлмес.

Б.Мыңбұлақ.

7. Аян түсінде кімді көреді?

А.көкесін.

Ә.анасын

Б.ағасын.

6-тапсырма.

Әңгіме кейіпкерлерінің сөздерін сәйкестендіріңіз.

-Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба?-деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен,-Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім

Бопай шалдың кемпірі

-Жүгірмек-ай десенші, өзіне де оба жоқ!

Есікбай

-Салып берің қалай-ей? Мына аяғың қисық боп бітіп, жазылып кеткенге ұқсайды ғой. Енді оны қайта орнына салу оңай емес. Ауырғанына шыдар ма екенсің?

Садық

-Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура бауша қияр едім.

-Жүр, жолдас боламыз!

Аян

Асылбек

